

**ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Педагогтерді инклюзивті практиканы іске асыруға дайындау»

барлық білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде
инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің
тұжырымдамалық моделі»

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарлама тақырыбы	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	9
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	10
8. Оқу нәтижелерін бағалау	10
9. Курстан кейінгі қолдау	11
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	12

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайына қарамастан сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың құқықтары заңнамамен кепілдендірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету – олардың табысты әлеуметтік бейімделуіне және өзін-өзі іске асыруына мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары инклюзивті білім беруді дамыту бағытында заңнамаға белсенді түрде өзгерістер енгізіліп, нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, іске асырылуда. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі айқындалды, мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің рөлі күшейтілді, білім беру бағдарламаларын бейімдеуге мектептердің мүмкіндіктері кеңейтілді. Сондай-ақ инклюзивті білім беруге жағдай жасамағаны үшін мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының басшыларының жауапкершілігі қарастырылған.

Бағдарламаның бағытын таңдау мемлекеттің стратегиялық міндеттерін іске асыру қажеттілігімен тікелей байланысты. Бұл міндеттер БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсатына – баршаға сапалы, инклюзивті және әділ білім беруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ өмір бойы білім алу мүмкіндігін ілгерілетуге бағытталған. 2020 жылғы «БҰҰ-ның Білім беруді мониторингтеу жөніндегі жаһандық баяндамасында: инклюзивтілік және білім беру» құжатында 2030 жылға дейінгі ТДМ 4 шеңберіндегі негізгі мақсаттар айқындалған. Солардың бірі – «білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету» міндеті [1].

2023 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы – «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» құжатында табысты ұлт қалыптастырудың маңызды факторы ретінде орта білім берудің сапасына ерекше назар аударылды: «... Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет».

Демек, білім беру жүйесі барлық білім алушылардың, соның ішінде білім алуда әртүрлі ерекше қажеттіліктері бар балалардың сұраныстарын қанағаттандыруы тиіс. Осыған байланысты педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінің алдында мұғалімдердің кәсіби дамуы бағдарламаларын сапалы жаңарту бойынша жаңа міндеттер қойылуда.

Аталған міндетті шешу тек педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын жетілдірумен ғана емес, сондай-ақ «Өрлеу» БАҰО» АҚ тренерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттырумен тығыз байланысты. Бұл бағдарлама Қазақстандағы педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде қызмет ететін мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Арнайы білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып берілетін білім.

Инклюзивті саясат – барлық мектеп жоспарларында инклюзивті білім беру принциптерінің болуы қажет. Барлық қағидаттар мектепті инклюзивті білім беру ортасын құру бағытында реформалаудың нақты стратегияларын қамтуы тиіс.

Инклюзивті тәжірибе – сабаққа енгізу кезінде білім алушылардың қажеттіліктерінің әртүрлілігі ескерілетін тәжірибе. Мектеп қызметкерлері тек материалдық емес, қосымша ресурстарды іздеуге белсенді қызығушылық танытады.

Инклюзивті мәдениет – барлық қатысушылардың дамуын ынталандыратын қауіпсіз, толерантты қоғамдастық құруға ықпал ететін мәдениет; әрбір адамның құндылығы ортақ жетістіктердің негізі болып табылатын қауымдастық.

Орта білім – азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі.

Орта білім беру ұйымы – мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу

және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі – ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын қызмет. Қызмет мектеп басшысының бұйрығымен бекітіледі және оның құрамына: мектеп директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, логопед-мұғалім, педагог-психолог, дефектолог-мұғалім, әлеуметтік педагог, ЕДШ нұсқаушысы, сондай-ақ қажетіне қарай басқа да мамандар мен педагогтер кіреді.

Оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Жеке оқу жоспары – білім алушы үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тәрбиешісі және/немесе мамандары оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде жасаған оқу жоспары.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Жеке оқу бағдарламасы – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тәрбиешісі және/немесе мамандары оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу бағдарламасының негізінде құрастырған оқу бағдарламасы.

3. Бағдарлама тақырыбы

«Өрлеу» БАҰО» тренерлеріне арналған «Педагогтерді инклюзивті практиканы іске асыруға дайындау» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы еліміздің білім беру жүйесінде баламасы жоқ бірегей жоба болып табылады. Бағдарламаның жаңашылдығы – алғаш рет «Өрлеу» БАҰО» тренерлеріне арналған, педагогтерді инклюзивті практиканы іске асыруға дайындау бойынша олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған мазмұн ұсынылуында.

Бағдарламаның басты ерекшелігі мен артықшылығы – оның мазмұнының кешенділігі мен жүйелі-логикалық құрылымы. Онда инклюзивті білім беруді ұйымдастырушылық және нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелерімен қатар, білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, педагогтердің инклюзивті практиканы іске асыруына қатысты өзекті мәселелер қамтылады.

Бағдарлама аясында ұсынылатын заманауи оқу-әдістемелік материалдар мен цифрлық контенттің жиынтығы «Өрлеу» тренерлері үшін ақпараттық мазмұны бай, өзектілігі жоғары оқу кешенін құрайды.

Бағдарламада инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі аспектілері, халықаралық ұйымдардың іргелі құжаттары негізіндегі озық әлемдік үрдістер, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдері мен инновациялық технологиялары, оқытудың әмбебап дизайн технологияларын ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін әртүрлі әдістер, құралдар мен мүмкіндіктер ретінде қолдану және басқалар көрсетілген.

Бағдарламаның тақырыбы 4 модульге кіретін 20 тақырыпты қамтиды.

1-модуль. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері

1-тақырып. Инклюзивті білім беру ұғымы және қағидаттары

2-тақырып. Баланың сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық құжаттар

3-тақырып. Қазақстандағы инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

4-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жіктемесі

5-тақырып. Инклюзивті білім берудегі этикалық мәселелер мен құндылықтар

2-модуль. Инклюзивті үдерісті әдістемелік қолдау

6-тақырып. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау: отандық контекст

7-тақырып. Инклюзивті оқытудың әдістері мен технологиялары

8-тақырып. Оқытудың әмбебап дизайны және сараланған тәсіл

9-тақырып. Білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу

10-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау

3-модуль. Білім беру ұйымындағы білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау

11-тақырып. Мектептегі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау: ҚР БҒМ №6 бұйрығына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы мен мазмұны

12-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының жеке оқу бағдарламасын әзірлеу

13-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудағы педагог-ассистенттің рөлі

14-тақырып. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісінде мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы

15-тақырып. Білім беру ортасында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру

4-модуль. Практикалық модуль: құралдар мен кейстер

16-тақырып. Нақты кейстер мен проблемалық жағдайларды талдау

17-тақырып. Педагогтер мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара іс-қимылы және командалық жұмысы

18-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің рөлі

19-тақырып. Инклюзивті практикада цифрлық технологияларды қолдану

20-тақырып. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды бағалануы

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – «Өрлеу» БАҰО тренерлерінің педагогтердің еліміздің білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы іске асыруға дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) «Өрлеу» БАҰО тренерлерінің инклюзивті білім берудің теориялық негіздері бойынша кәсіби құзыреттерін жетілдіру;

2) Балалардың сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құжаттарды зерделеу;

3) Қазақстандағы инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бойынша білімді жетілдіру;

4) ЭЫДҰ талаптарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қазіргі заманғы жіктемесімен таныстыру;

5) Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау, олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып оқу бағдарламаларын бейімдеу мәселелері бойынша білімді жетілдіру;

6) Оқу үдерісін ұйымдастыруда әмбебап дизайн технологияларын, білім беру менеджментін зерделеу;

7) Инклюзивті тәжірибеде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері мен артықшылықтарын зерттеу.

Күтілетін оқу нәтижелері:

Курс аяқталғаннан кейін «Өрлеу» БАҰО тренерлері:

1. Инклюзивті білім беру саласындағы, оның қағидаттары мен халықаралық стандарттары бойынша терең теориялық білімді меңгереді;

2. Балалардың сапалы білім алуға құқығын реттейтін халықаралық нормативтік құжаттарды талдап, іс жүзінде қолдана алады;

3. Қазақстандағы инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік-құқықтық базаны меңгеріп, оны білім беру практикасына енгізе алады;

4. ЭЫДҰ талаптарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қазіргі заманғы жіктемесін біліп, олардың білім алу қажеттіліктерін ескере алады;

5. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары мен оқу бағдарламаларын бейімдеу әдістерін меңгереді;

6. Инклюзивті білім беру ортасын тиімді қолдауға бағытталған әмбебап дизайн тәсілдерін және білім беру ұйымдарындағы басқару құралдарын игереді;

7. Инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға арналған заманауи цифрлық технологиялар туралы білімге ие болады.

Аталған оқу нәтижелері тренерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға және Қазақстандағы білім беру ұйымдарында инклюзивті практикаларды табысты жүзеге асыру үшін педагогтерді даярлау қабілетін күшейтуге мүмкіндік береді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Дәріс	Практикалы	Тренинг	Семинар	Тестілеу	Барлығы
1	1-модуль. «Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері»						
1.1.	Инклюзивті білім беру ұғымы және қағидаттары	2	1				3
1.2.	Баланың сапалы білім алуға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық құжаттар	2	1				3
1.3.	Қазақстандағы инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	2	1				3
1.4.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жіктемесі	2	1				3
1.5.	Инклюзивті білім берудегі этикалық мәселелер мен құндылықтар	2	1				3
2	2-модуль. «Инклюзивті үдерісті әдістемелік қолдау»						
2.1.	Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау: отандық контекст	2	1				3
2.2.	Инклюзивті оқытудың әдістері мен технологиялары	2	1				3
2.3.	Оқытудың әмбебап дизайны және сараланған тәсіл	2	1				3
2.4.	Білім алушылардың ерекше	2	2				4

	қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу						
2.5.	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау	2	2			4	
3	3-модуль. «Білім беру ұйымындағы білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау»						
3.1.	Мектептегі білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау: ҚР БҒМ №6 бұйрығына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы мен мазмұны	2	2			4	
3.2.	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушының жеке оқу бағдарламасын әзірлеу	2	2			4	
3.3.	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудағы педагог-ассистенттің рөлі	2	2			4	
3.4.	Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісінде мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы	2	2			4	
3.5.	Білім беру ортасында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру	2	2			4	
4	4-модуль. «Практикалық модуль: құралдар мен кейстер»						
1.1.	Нақты кейстер мен проблемалық жағдайларды талдау	2	2			4	
1.2.	Педагогтер мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара іс-қимылы және командалық жұмысы	2	2	1		5	
1.3.	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің рөлі	2	2	1		5	
1.4.	Инклюзивті практикада цифрлық технологияларды қолдану	2	2			4	
1.5.	Бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды бағалануы	1	1			2	
	Барлығы:						72

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстары оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі немесе аралас форматта ұйымдастырылады.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту курстарының ұзақтығы – 72 сағат. Егер курс бір апта көлемінде күндізгі және қашықтықтан форматта ұйымдастырылса, ОТЖ-дегі сағат саны екі есе қысқарып, 36 сағатты құрайды.

Аталған Бағдарламаға сәйкес курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша қашықтықтан оқыту екі кезеңнен тұрады: онлайн (қашықтықтан) және оффлайн (дербес) оқу.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту режимінде білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест сұрақтары, жобалық жұмыстардың тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Білім беру үдерісі педагогтің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-әрекеттегі сипаттағы интерактивті оқыту әдістері мен формаларын қамтиды. Атап айтқанда: дәрістер, семинарлар, практикалық жұмыстар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер, рөлдік ойындар, топпен жұмыс, өзіндік жұмыс, нақты жағдайларды талдау, проблемалық тапсырмаларды шешу, ой шабуылы, кейс-стади, сондай-ақ қашықтықтан оқыту режимінде өткізілетін вебинарлар, онлайн-форумдар, онлайн-кеңестер және тыңдаушылардың курстың аясындағы дербес оқу үдерісі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі оқытудың дидактикалық жүйесінің қағидаттарына негізделеді:

– оқу материалын жүйелілікпен және логикалық бірізділікпен баяндау қағидаты;

– мазмұнның тұтастығы мен практикалық маңыздылығы қағидаты;

– оқу материалының көрнекі түрде ұсынылу қағидаты.

Курсқа арналған оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

– курстың бағдарламасы;

– курстық оқыту барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдердің сипаттамасы;

– теориялық материалдар (презентациялар, цифрлық ресурстар);

– практикалық тапсырмалар (активитилер, кейстер, сұрақтар);

– өзіндік жұмыс тапсырмалары (бағалау критерийлері);

– кіріспе, қорытынды және қорытынды тестілеуге арналған сауалнамалар;

– негізгі әдебиеттер тізімі және қосымша материалдар мен ресурстар, интернет-ресурстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау өзіндік жұмыс, кейстерді

(жағдайлық тапсырмаларды) шешу, сауалнама, тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланысқа арналған сауалнамалар, тест тапсырмалары курсқа арналған оқу-әдістемелік кешенге (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және Бағдарлама мазмұнын меңгеруін анықтау мақсатында профессор-оқытушылар құрамы әрбір тақырып шеңберінде бақылау тапсырмаларын (өзіндік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) әзірлейді, сондай-ақ қорытынды бақылау жұмысы өткізіледі.

Алынған кері байланыс негізінде лекциялар мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материалдар (құжаттар үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар, бейнематериалдар және т.б.) іріктеледі, Бағдарламаның мазмұны бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Қорытынды бақылау жұмысы келесі бағалау критерийлері бойынша бағаланады:

- жүзеге асырылмаған (дұрыс жауаптар мүлде жоқ);
- ішінара жүзеге асырылған (дұрыс жауаптар 50%-дан аз);
- ортадан жоғары деңгейде жүзеге асырылған (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін);
- толық жүзеге асырылған (дұрыс жауаптар 70–100% аралығында).

Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсына сәтті аяқтау үшін кемінде 70% дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері бойынша курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде консультациялық жұмыстың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Орта білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен педагогтеріне курстан кейінгі сүйемелдеу келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

1. болашақ педагогтерді даярлау бағдарламаларына инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерін енгізу бойынша жекелеген кеңестер беру, түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.) арқылы онлайн іс-шаралар ұйымдастыру;

2. білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарларын аттестаттауға дайындау барысында әдістемелік қолдау көрсету;

3. білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарларын конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер жұмысына тарту;

4. облыстық және республикалық басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (мүмкіндігінше авторлық бірлестікте) мақалалар жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_/compare
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_/compare
3. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_/compare
4. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_/compare
5. «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224/compare>
6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056/compare>
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031/compare>
8. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V0900005750_/compare
9. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare>
10. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 Бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>

Қосымша әдебиет:

1. 2002. CSIE. Booth T. and Ainscow M. Index for Inclusion. Developing learning and participation in schools.
2. A guide for ensuring inclusion and equity in education / UNESCO. 2017. URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0024/002482/248254E.pdf>
3. Методические рекомендации по организации процесса обучения в условиях инклюзивной среды в рамках 12-летнего образования в начальной школе – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 720 с.

4. Методические рекомендации по итогам проведения мониторинга по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в организациях среднего образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. –2136 с.
5. Рамка инклюзивного образования в Республике Казахстан / Г. Ногайбаева, С. Жумажанова, Е. Коротких. – Астана, АО ИАЦ, 2017 – 185 с.
6. Students with Disabilities, Learning Difficulties and Disadvantages. ISBN 978-92-64-02762-6. OECD, 2007
7. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Опубликовано Организацией Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры. © ЮНЕСКО 2009 г.
8. Бут Т., Эйнскоу М. Показатели инклюзии: практ. пособие / под ред. М. Вогана; пер. с англ. И. Аникеева; науч. ред. Н. Борисова; под общ. ред. М. Перфильевой. М.: РООИ «Перспектива», 2007. 124 с.
9. Алехина С.В. Инклюзивное образование: история и современность [текст: электронный ресурс]: учебно-методическое пособие/ С.В. Алехина. – М.: Педагогический университет «Первое сентября», 2013.-33 с.
10. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования [текст: электронный ресурс]: главы из книги/ авт. пр. Д.Митчелл, перев. с англ.: И.С. Аникеев, Н.В.Борисова. – М. : РООИ «Перспектива», 2011. – 139 с. : ил.
11. Самсонова Е.В. Основные педагогические технологии инклюзивного образования [текст: электронный ресурс]: учебно - методическое пособие/Е.В. Самсонова, Т.П.Дмитриева, Т.Ю. Хотылева. – М.: Педагогический университет «Первое сентября», 2013. —36 с.
12. Инклюзивное образование. Выпуск 1 [текст:электронный ресурс]: сборник / сост.: С.В.Алехина, Н.Я.Семаго, А.К.Фадина. – М.: Центр «Школьная книга», 2010. — 272 с.
13. Хитрюк В. В. Основы инклюзивного образования [Электронный ресурс] : учеб.-метод. комплекс / В. В. Хитрюк, Е. И. Пономарёва. — Барановичи : РИО БарГУ, 2014.
14. Резюме Всемирного доклада по мониторингу образования, 2020 г. Инклюзивность и образование: для всех означает для всех. Париж, ЮНЕСКО. URL: <http://bit.ly/2020gemreport>